

**6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант
Мақсатова Аяулым Мақсатқызының
«N-арилалкилпиперидиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық
белсенді субстанцияны химиялық жасау» тақырыбына дайындалған
диссертациялық жұмысина ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| p/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|--------------|--|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>Мақсатова Аяулым Мақсатқызының «N-арилалкилпиперидиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысы бойынша 2020 жылдан бері Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының отандық өндірісіндегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың үлесін 2025 жылда 50%-ға дейін жеткізу мәселесі бойынша фармацевтикалық нарықта бәсекеге қабілетті дәрілік өсімдік препараттар өндірісін жетілдіру Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген қаулыға сәйкес экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі ретінде – отандық фармацевтика өндірісін дамыту, нығайту, бәсекеге қабілеттін арттыру, нарықтағы отандық дәрі-дәрмектердің үлесін арттыру мақсаттарына негізделген.</p> |

| | | | |
|----|---------------------|--|---|
| | | | <p>Ізденуші Максатова Аяулым Мақсатқызының «N-арилалкил пиперидиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы «Ә.Б. Бектұров атындағы химияғылымдары институты» АҚ-дағылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес «Қажетті қасиеттері бар бейорганикалық, органикалық, полимерлі косылыстарды, жүйелер мен материалдарды құрудың физика-химиялық негіздері» (Ғылыми-техникалық бағдарлама № BR05234667) (2018-2020 ж.), «Инфекцияга қарсы белсенділігі бар бірегей отандық инновациялық фармацевтикалық субстанцияларды (лигандтарды) әзірлеу» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы № AP05131065) (2018-2020 ж.ж.), «Табиги шикізат және техногендік қалдықтар негізінде көпфункционалды мақсаттағы инновациялық материалдар» (№BR10965255 ғылыми-техникалық бағдарлама) (2021-2023 ж.ж.) бағытына сәйкес келеді.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | <u>Жұмыс 5 ғылымға елеулі улесін қосады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.</u> | <p>Максатова А.М. диссертациялық жұмысының ғылымға елеулі улесін қосқанын зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріс орындарына және оку процесіне енгізуімен расталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> -алғаш рет 1-(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксипиперидин гидрохlorиді (AIP-2) субстанциясын дайындау технологиясы «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ ұсынылды; -«N-арилалкилпиперидиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық |

| | | |
|----|-------------------|---|
| | | <p>белсенді субстанцияны химиялық жасау» диссертациялық жұмысының аясындағы N-фенилэтилпиперидиндер сериясының жаңа туындыларының химиялық синтезі және эксперименттік бөлім «А.Б. Бектұров атындағы химияғылымдарының институтында» синтетикалық және табиғи дәрілік заттар химиясы зертханасында жүргізілді;</p> <p>-АІР-2 субстанциясының НҚ жобасы «Ә.Б.Бектұров атындағы химияғылымдары институты» әзірленді;</p> <p>-алынған субстанцияның микробқа қарсы белсенділін анықтау актісі «М. Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар Ұлттық ғылыми орталығы» АҚ акт енгізілді;</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p> <p>1) Докторант зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізді, тақырыптың өзектілігін негіздеді, зерттеу макссаты мен міндеттерін анықтады. Диссертациялық жұмыста ұсынылған және ғылыми жаңағы бар барлық нәтижелерді автор өзі жеке алған. Диссертациядағы ғылыми нәтижелердің, тұжырымдардың, ұсыныстар мен корытындылардың негізділігі мен сенімділігінің жоғары деңгейі қазіргі заманғы физика-химиялық, биологиялық, фармакологиялық талдау әдістерін қолдану, зерттеулерді сауатты жоспарлау, жеткілікті және сенімді эксперименттік материалдар, көрнекі иллюстрациялар мен кестелік мәліметтер, эксперименттік нәтижелерін статистикалық өндөу арқылы расталады. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері 20 ғылыми еңбекте, атап айтқанда 1 мақала Scopus халықаралық дерек қорына кіретін, процентиль 56% журналда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда - 3 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында - 15</p> |

| | | | |
|----|----------------------|--|--|
| | | | тезис және макалалар, 1 өнертабыс патентімен расталған. |
| | | 4.1 Диссертация озектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | 1) Арилалкил-пиперидин туындыларының кең ауқымды фармакологиялық белсенелілігі жалпыға белгілі. Олардың фунгицидтік, микробка карсы, вирустық инфекцияларга карсы белсенелілігі анықталған. Пиперидин туындыларына деген қызыгуышылық олардың биологиялық белсенелілігіне негізделген. Осы бағыттағы синтездеу жолдарын іздестіру жаңа жогары белсенеді дәрілік препараттарды алу технологияларына өз үлесін қосады және де жұмыстың ерекшелігі ол аталған фармафор топтарды біріктіру арқылы тұрақты әрі физиологиялық белсенеді химиялық қосылыстар қатарының алынуында. Жоғарыда аталған мәліметтерге караганда, Н-арилалкилпиперидиннің жаңа туындыларын зерттеу өзекті мәселе болып табылады. |
| 4. | Iшкі принципі бірлік | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды</u> ; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды | 1) Диссертациялық жұмыс дәстүрлі қағидат бойынша құрылған және мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындауды, оған қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес жасалған ғылыми жұмыс нәтижелері дәлел. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | 1) Докторлық диссертацияның мақсаты және міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | 1) Диссертациялық жұмыста ішкі бірлік орнықкан және оның барлық бөлімдері, ережелері және корытындылары толығымен логикалық өзара байланысты. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүренинан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; | 1) Докторант алған жаңа мәліметтер белгілі мәліметтермен салыстырмалы түрде негізделген және бағаланған. Әдебиет көздеріне сынни талдау жүргізілген, зерттелетін мәселелерді шешу жолдары карастырылған. Ғылыми жұмыс орындауда |

| | | | |
|----|----------------------------|---|--|
| | | <p>2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> | <p>химиялық, физика-химиялық, биологиялық, фармацевтік-технологиялық, фармакологиялық, статистикалық зерттеулер нәтижелері салыстырмалы эксперименттерде дәлелденген. Алынған АІР-2 субстанциясының жедел және созылматы уыттылықтары зерттелініп, гистологиялық нәтижелер көлтірілген.</p> |
| 5. | Фылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>1) Докторлық Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңалыққа ие, ойткені алғаш рет: -N-фенилэтил пиперидиндердің негіздерінде әртүрлі 4,4-диорынбасқан туындыларының, нақтырақ айтқанда <i>n</i>-фторфенил-, <i>m</i>-фторфенил-, <i>o</i>-фторфенил-, 4-(трифторметил)-, циклогексан-, адамантан-, нафтоилоксифрагменттерін енгізу арқылы жаңа туындылары синтезделді; -олардың β-циклодекстринмен комплекстері алғаш рет алынды; -синтезделген косылыстардың антимикробтық, фунгицидтік қасиеттері алғаш рет анықталды; -1-(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксипиперидиннің гидрохлорид тұзы стандартталып, оның тұрақтылығы мен өткір улылығы зерттелді; - Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Ұлттық зияткерлік мешіткі институты» РМК 20.06.2019 жылғы тіркеу номері №4782 «Антимикробтық белсенділігі бар 1-(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксипиперидин гидрохлориді» өнертабысқа патентімен расталды.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық,</p> | <p>1) Диссертациялық жұмыстың тужырымдары нақты және диссертацияның зерттеу міндеттерін орындаудың көрсетеді.</p> <p>1) Диссертациялық жұмыстагы</p> |

| | | | |
|----|---|--|---|
| | | <p>технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>техникалық және технологиялық шарттары толығымен жаңа болып табылады. Бұл шешім 20.06.19 ж. Қазақстан Республикасының өнертабыстарының мемлекеттік № 4782 тізімінде тіркелген «1-(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксипериодин гидрохлоридінің микробқа карсы белсенділігі» өнертабыс патентімен және Scopus базасына кіретін рецензияланатын жоғары процентильді журналда жарияланған басылыммен расталды.</p> |
| 6. | Негізгі корытындылардың негізділігі | <p>Барлық корытындылардың түргыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Зерттеу інтижелерінің сенімділігі мен негізділігі орындалған жұмыстардың бүтінгі таңдағы өзекті мәселені шешуге бағытталуы, әлемдік деңгейде алдыңғы қатарлы заманауи зерттеу орталығында орындалуы және нормативтік күжаттар жобасымен расталады.</p> |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қагидаттар | <p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) оргаша; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ | <p>1) «N-арилалкилппериодиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау» диссертациялық тақырыбының негізгі қагидаттары дәлелденген.</p> <p>2) Жұмыс фылыми жаңашыл болғандықтан, диссертацияның негізгі ережелері тривиалды емес.</p> <p>1) Диссертациялық жұмыс бойынша негізгі қагидаттар мен шешімдер толығымен жаңа, оны автор жоғарыда аталған өнертабыска патентімен растайды, сондай-ақ SCOPUS базасына кіретін рецензияланатын жоғары процентильді журналда жарияланған және өнертабыс патентімен дәлелденген.</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі мен Дереккөздер үсінілгандар акпараттың | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ | <p>1) Әдіснаманы таңдау химиялық жолмен синтезделініп алынған субстанцияларды әзірлеу және өндіру жөніндегі іргелі ережелерді катаң пайдаланумен негізделген. КР және ЕАЭО фармакопеяларында</p> |

| | | | |
|---|--|--|--|
| | дәйектілігі | | корсетілген фармакопеялық және жалпы әдіснамалар, сонымен қатар, химиялық, физика-химиялық, биологиялық, фармацевтік-технологиялық, фармакологиялық, статистикалық әдістер колданылды. |
| | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы гылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иа;</u> 2) жок | 1) Қосылыстардың күрілісін анықтауда ChemBioDraw Ultra 13.0 және MestReNova сияқты заманауи компьютерлік бағдарламалар колданылған. 1-(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксиперидин гидрохлоридінің құрамын зерттеу барысында автор классикалық сипаттамалық статистика әдістерін колдана отырып талдады: деректерді топтастыру, сенімділік пен орташа кате туралы мәліметтерді шығара отырып қарапайым және күрделі кестелер құру. | |
| | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық гылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иа;</u> 2) жок | 1)Диссертацияның тұжырымдары зерттеу нәтижелерімен дәлелденді және расталды, логикалық өзара байланысты. | |
| | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаган</u> | Барлық маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді әдебиеттерге сілтеме арқылы расталады. | |
| | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u> | Колданылған әдебиеттер көздері гылыми әдебиетке шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертациялық жұмыста 175 әдебиет көздері пайдаланылды, оның 67 ағылшын тілінде. | |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иа;</u> | 1) Диссертациялық жұмыстың маңызды теориялық мәні бар, себебі гылыми жаңалыққа ие. |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|--|
| | | 2) жоқ | |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жоқ</p> | <p>1) Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары, себебі, жұмыс нәтижелері тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріске «1 -(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксипиperiдин гидрохлоридін алу технологиясын онтайландыру және енгізу» ШЖҚ РМК М. Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекцияларға арналған Ұлттық ғылыми орталығына оку үдеріс актісі енгізілді.</p> |
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>1) Фармацевтикалық ғылым мен өндіріс үшін практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. 1-(2-фенилэтил)-4-адамантанкарбонилоксипиperiдин гидрохлоридінің Қазақстанда шикізат көзі ретінде алғаш рет зерттеліп, химиялық шикізаты және одан алынған комплекстер фармацевтикалық өндіріске дәрілік құрал ретінде ұсынылып отыр.</p> |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p> | <p>1)Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу сапасы оң деп бағаланады, және аяқталған зерттеу жұмысын құрайды. Мазмұны мен безендірілу дизайны бойынша іргелі пікірлер жоқ.</p> <p>6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Аяулым Мақсатқызы Мақсатованың «N-арилалкилиperiдиннің жаңа туындылары негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған таланттарға толық сәйкес келеді және автор 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты әрі</p> |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | диссертациясы толық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық кенесте қорғауға ұсынуға болады. |
|--|--|--|---|

Рецензент:

Органикалық заттар,
табиги қосылыштар мен полимерлер
химиясы мен технологиясы
кафедрасының доцент м.а., доктор PhD

Н.С. Елибаева

Көлін растаймын
Подпись заверяю



«23» май 2024 ж.